

БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ КЛЮЧЕВЫХ ПРИОРИТЕТОВ ҚТЖ. СЕГОДНЯ ВАЖНО НЕ ТОЛЬКО УСТРАНИТЬ ПОСЛЕДСТВИЯ ПРОИСШЕДИХ, НО И ПРЕДУПРЕЖДАТЬ ИХ ВОЗНИКНОВЕНИЕ. ДЛЯ ЭТОГО НЕОБХОДИМО ОБЪЕДИНЯТЬ УСИЛИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ, ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ СТРУКТУР, ВЛАДЕЛЬЦЕВ ПОДЪЕЗДНЫХ ПУТЕЙ И ВСЕХ УЧАСТНИКОВ ПЕРЕВОЗНОГО ПРОЦЕССА. ТОЛЬКО СИСТЕМНАЯ ПРОФИЛАКТИЧЕСКАЯ РАБОТА ПОЗВОЛИТ ОБЕСПЕЧИТЬ ДАЛЬНЕЙШЕЕ СНИЖЕНИЕ РИСКОВ И ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ БЕЗОПАСНОСТИ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ТРАНСПОРТЕ.

Марат ШАКЕНОВ,  
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№50 (3197)  
30/06/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



## ҚТЖ И ЛЯНЬЮНГАН УКРЕПЛЯЮТ СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО

Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов провел встречу с мэром города Ляньюньган (КНР) Чжоу Цзинем. Стороны обсудили развитие совместных логистических проектов, расширение инвестиционного сотрудничества и подтвердили готовность к запуску Актауского международного контейнерного хаба.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

Одним из ключевых итогов переговоров стало подтверждение завершения всех подготовительных мероприятий по созданию ТОО «Актауский международный контейнерный хаб». Начало его операционной деятельности запланировано до конца июня текущего года. Особое внимание было уделено интеграции порта Ляньюньган, Сухого порта Khorgos Gateway и контейнерного хаба в Актау в единую логистическую систему. Это позволит сформировать сквозной транспортный сервис, обеспечивающий бесперебойную доставку грузов от побережья Желтого моря через Казахстан и Каспийское море к рынкам Кавказа, Турции и Европы. – За более чем десять лет сотрудничества с портом Ляньюньган мы сформировали прочную основу для развития новых международных

транспортных маршрутов. Сегодня наша общая задача – не просто наращивать объемы перевозок, а создавать современную, устойчивую и конкурентоспособную логистическую систему, которая обеспечит эффективное сообщение между Азией и Европой, – отметил Талгат Алдыбергенов. Напомним, Ляньюньган является одним из крупнейших морских портов Китая и ключевой восточной отправной точкой Евразийского сухопутного моста. Сотрудничество ҚТЖ с портом, начатое в 2013 году, стало одним из знаковых проектов казахстанско-китайского транспортно-логистического партнерства и важным элементом развития инициативы «Один пояс – один путь». Особая роль в этой системе принадлежит Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ), который демонстрирует устойчивый рост. По итогам 2025 года объем контейнерных перевозок по маршруту достиг 42 тысяч ДФЭ, что на 15% выше показателя пре-

дыдущего года. За первые пять месяцев 2026 года рост составил 26% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Для обеспечения растущего грузопотока ҚТЖ совместно с китайскими партнерами реализует проекты по развитию железнодорожной и портовой инфраструктуры, цифровизации перевозок, обновлению подвижного состава и расширению морского флота. По итогам встречи стороны подтвердили намерение и далее совместно развивать международные транспортные коридоры, укрепляя позиции Казахстана и Китая как ключевых логистических партнеров на пространстве Евразии. Кроме того, ранее делегация посетила порт Актау и контейнерный хаб, ознакомилась с результатами реализации первой очереди проекта, а также перспективами дальнейшего развития контейнерных перевозок на Каспийском направлении.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### ТӘЖІРІБЕ АЛМАСТЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Узбекистон темир йуллари» АҚ арасында кәсіби тәжірибе алмасу бағдарламасы шеңберінде Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Арыс жол дистанциясында темір жолды күтіп ұстау мен жөндеудің заманауи технологиялары көрсетіле отырып, жол жұмыстары жүргізілді.

Теміржол әкімшіліктерінің өкілдері түйіспесіз жолды күтіп ұстау және теміржол инфрақұрылымының сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған техникалық шешімдерді қолдану бойынша тәжірибе алмасты. Шағыр станциясында алты сағаттық технологиялық «толаскез» шеңберінде Р65 түріндегі теңестіру түйіспесін және желім болтты оқшаулағыш түйіспені төсеу бойынша жұмыстар орындалды. ПРСМ және МРТ-4 техникалары қолданыла отырып, рельс бунағы аралық ұзындыққа дейін дәнекерленді.

Ал Шеңгелді – Жылға аралығындағы жұп жол, 3306 км, ПК 8-де болған технологиялық «толаскез» кезінде алюминидтермитті дәнекерлеуді қолдана отырып, рельс бунағын аралық ұзындыққа дейін дәнекерлеп, желім болтты оқшаулағыш түйіспені төсеу орындалды. Атап айтқанда, Р65 түріндегі теңестіру түйіспесін төсеу; желім болтты оқшаулағыш қосылысты орнату; ПРСМ және АЛТС көмегімен рельсті бунақтарды дәнекерлеу жұмыстары атқарылды.

Теңестіру түйіспелері жылжымалы құрамнан температуралық өзгерістер мен динамикалық жүктемелер нәтижесінде пайда болатын рельсті бунақтардың бойлық қозғалыстарының орнын толтыруды қамтамасыз етеді. Жүргізілген жұмыстар жолдың деформациялану қаупін азайтуға, пойыздар қозғалысын жайлы етуді арттыруға және «жол – жылжымалы құрам» жүйесінің өзара іс-қимылын жақсартуға бағытталып отыр. Бұл инфрақұрылымның сенімділігін және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

Нұрбек БЕКЕН



Мейрамбек ШОЛТАБАЕВ,  
Қызылорда бөлімше  
директорының орынбасары:

### Назардағы нысан

## ВОКЗАЛДАРДЫҢ БАҒЫН АШҚАН БАҒДАРЛАМА

Елімізде тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды «Теміржол вокзалдарын жаңғырту» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында еліміздің барлық өңіріндегі 124 вокзал қамтылған. Бірқатар вокзалдарды биылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға беру жоспарланған болатын.



Маусымның ортасында жөндеуге жабылған вокзалдардың алды пайдалануға беріле бастады. Ең алдымен Семей теміржолына қарасты Белағаш және Ауыл станцияларының теміржол вокзалдары өз жолаушыларына есігін айқара ашты. 12 маусым күні өткен салтанатты рәсімге қатысқандар ғасырдан астам тарихы бар көне ғимараттардың қалай жаңарып-жаңғырғанына куә болды. Өткен аптаның соңына қарай Солтүстік Қазақстан облысында Жаңаөсіл және Саумалкөл станцияларындағы теміржол вокзалдарын жаңғырту аяқталып, пайдалануға берілді. Қос вокзал ғимараты да толығымен жаңарған, құрылыс конструкциялары күшейтіліп, инженерлік желілер мен шатыр жабыны ауыстырылған, қасбеттер жөнделіп, ішкі-сыртқы әрлеу жүргізіліп, жолаушылар платформаларына дейін жаңадан төселген.

Шығыс Қазақстан облысында Риддер және Шемонаиха станцияларындағы теміржол вокзалдарында да ауқымды қайта құрылымдау аяқталды. Ғимараттар өткен ғасырда салынған және алғаш рет кешенді жаңартудан өтіп отыр. Мұнда да ғимараттардың тірек конструкциялары күшейтіліп, шатырлар мен инженерлік желілер ауыстырылған. Вокзалдар мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустармен, нашар көретін жолаушыларға арналған тактильді тақтайшалармен жабдықталып, өрт қауіпсіздігінің заманауи талаптарына сәйкес қосымша эвакуациялық шығу жолдары қарастырылған.

Сондай-ақ өткен аптада Қызылорда облысында Жаңақорған және Шиелі станцияларындағы теміржол вокзалдарын және Талап жолаушылар платформасын да қайта жаңарту аяқталып, пайдалануға берілді. 1976 жылы салынған Жаңақорған



станциясының теміржол вокзалы толығымен жаңартылып, қайта жөндеуден кейінгі үш қабатты ғимараттың жалпы ауданы 922,3 шаршы метрді құрап отыр. Мұнда да шатырды ауыстыру, сыртқы және ішкі әрлеу, сумен жабдықтау, көріз, жылумен жабдықтау және электрмен жабдықтаудың инженерлік желілерін жаңғырту, іргелес аумақ пен перронды абаттандыру т.б. жұмыстар атқарылған.

1904 жылы салынған Шиелі станциясының теміржол вокзалы да толығымен жаңартылды. Бір қабатты ғимараттың жалпы ауданы 636,4 шаршы метрді құрайды. Қайта құру барысында шатыр, қасбет және ішкі үй-жайлар жаңартылып, инженерлік желілер жаңғыртылды, іргелес аумақ пен перрон абаттандырылған.

Сыр өңірінде сонау 1903 жылы салынған Қазалы теміржол вокзалы да жаңа кел-



бетке ие болды. Қайта жаңарудан кейінгі ғимараттың жалпы ауданы 1 014 шаршы метрді құрап, жолаушы халыққа толық жағдай жасалған.

Ал күні кеше Атырауда да қайта түлеген қос бірдей вокзалдың ашылу салтанаты өтіп, жолаушы халық көзайым болды. Аймақтағы күрделі жөндеу жүріп жатқан 9 вокзалдың алғашқысы болып Аққыстау вокзалы берілді. Жалпы ауданы 220 шаршы метрді құрайтын, 100 адамға арналған күту залы, толып жатқан қызмет бөлмелері, касса, 4 пандус бар вокзалдың айналасы абаттандырылып 30 жас көшет отырғызылты.

Екінші ашылған Ганюшкино вокзалы 800 шаршы метрді құрайды, 150 жолаушыға арналған күту залы, медпункт, жүк багаж бөлімі, мұнда да барлық қызметтерге тиесілі бөлмелер жабдықталған, жолаушыларға қызмет көрсету үшін қазіргі жағдайға сай жайлы жағдайлар жасалған. Қазақ «қаптың аузы ашылды» деген әдемі сөз бар. Демек, Қазақстан темір жолының өн бойында салтанатты да сәнді 124 вокзал пайдалануға берілетін күн алыс емес.

Ислам ТАЛҒАТ, Астана  
Сабырхан НАДИРБАЕВ, Қызылорда  
Қосұлым МҰҚАШЕВ, Атырау

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

НАЦПЕРЕВОЗЧИК ЗАПУСКАЕТ

4  
ВАГОНА-РЕСТОРАНА  
В ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ  
ПОЕЗДАХ «ТАЛЬГО» НА  
ПЕРИОД ЛЕТНИХ ПЕРЕВОЗОК.

44

СТУДЕНТА АЛТ УНИВЕРСИТЕТА  
ПРОХОДЯТ ГЕОДЕЗИЧЕСКУЮ  
ПРАКТИКУ НА ОБЪЕКТАХ ҚТЖ.

ҚТЖ ПОСТРОИТ ОКОЛО

3 тыс.

ОБЪЕКТОВ РАДИОСВЯЗИ LTE-R  
ВДОЛЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ  
ЛИНИЙ КАЗАХСТАНА.

## МАҚСАТ – ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БЕЙІМДЕЛУ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



**Бұл жолы Семей магистральдық желі бөлімшесінде өткен жиынның мән-мағынасы ерекше болды. Онда алдағы 1-ші шілден бастап күшіне енетін жаңа Конституция басымдықтары туралы сөз болды.**

Бөлімше басшысы, Құрметті теміржолшы Айдын Шәукежановтың төрағалығымен өткен іс-шараға желі бойындағы станциялар мен мекемелер басшылары онлайн режимде қатысты. Жиында Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Конституциялық реформалардың маңызы, олардың қоғам мен мемлекетті дамытудағы рөлі кеңінен түсіндіріліп, әдістемелік ұсынымдар негізінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

– Басты мақсат – теміржолшылардың құқықтық сауаттылығын арттыру болып отыр. Сонымен қатар, Конституцияның негізгі қағидаттарын түсіндіре отырып, оның бүгінгі қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайтуға қосар үлесін бағамдау, – дейді бұл орайда НЖС-6 кадр бөлімінің басшысы Данияр Баймағұлов.

Жиын барысында өзара талқылаулар ұйымдастырылып, пікір алмасулар өткізілді. Әсіресе, көлік саласындағы цифрландыру, жасанды интеллект мәселелері де тақырып өзегіне айналды. Бұл орайда жаңа Конституцияда цифрлық әлеует пен ЖИ бойынша арнайы баптар бекітілмегенімен, Ата Заң еліміздегі жаңа технологиялық реформалардың, атап айтқанда, деректерге негізделген басқару мен азаматтардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заманауи даму стратегиясының негізі екендігі кеңінен сөз болды.

## АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ

**Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда



**Соңғы жылдары Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Теміржолшылар инфрақұрылымды жаңғырту, еңбекті қорғау, қызметкерлердің тұрмысын жақсарту бағытында орасан жұмыстар атқарды.**



Соңғы бірнеше жыл көлемінде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Жалағаш, Белкөл және Қазалы станцияларындағы теміржол өткелдері жаңартылып, Қызылорда-Белкөл бекеттері аралығында жауу жүргіншілерге арналған көпір пайдалануға берілді. Сонымен қатар Арал теңізі – Көнту елді мекені маңында теміржол үстінен өтетін автокөлік көпірі салынып, тұрғындардың қауіпсіз қозғалысына жағдай жасалды.

Бүгінде Қызылорда қаласындағы Жаңқожа көшесі бағытында теміржол астынан өтетін автокөлік және жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жоба аяқталған соң қала тұрғындарының қатынауы жеңілдеп қана қоймай, жол-көлік қауіпсіздігі де жаңа деңгейге көтеріледі деп күтілуде.

Теміржолшылардың еңбек жағдайын жақсарту мақсатында соңғы бес жыл ішінде бөлімше бойынша ондаған жаңа модульдік ғимараттар орнатылды. Қызылорда мен Қазалы сигнализация және байланыс дистанцияларында 21 заманауи модуль іске қосылса, соңғы екі жылда Қызылорда, Қазалы және Сексеуіл жол дистанцияларына тағы 18 жаңа модуль пайдалануға берілді. Алыс бекеттер мен разъездерде еңбек еткен теміржолшылар үшін бұл ғимараттар қолайлы еңбек жағдайын қалыптастырды.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАУІПТІН АЛДЫН АЛДЫ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана




**26 маусымда Шу және Есіл локомотив пайдалану деполарының локомотив бригадалары екі жол-көлік оқиғасының алдын алды.**

Сағат 08:32-де Тобыл – Есіл учаскесінің Аманқарағай – Құсмұрын аралығында 97 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан жолаушылар пойызының машинисі КамАЗ жүк көлігінің кенеттен жолға шығуына байланысты күзетілмейтін реттелетін теміржол өткелінде шұғыл тежеуді қолданды. Локомотив бригадасының дер кезінде әрекет етуінің арқасында жол-көлік оқиғасына жол берілмеді. Көлік жүргізушісі оқиға орнынан қашып кеткен. Өткел жылжымалы дабылмен: көлденең орналасқан екі қызыл шамы бар бағдаршаммен және дыбыстық дабылмен жабдықталған.

Дәл осыған ұқсас жағдай сағат 08:41-де Шу – Шығанақ учаскесінің Жиделі – Берлік аралығында орын алды. Жүк пойызының машинисі Toyota Land Cruiser көлігінің күзетілмеген теміржол өткеліне шығып кетуіне байланысты оқыс тежеу беріп, келесі бір апатты оқиғаның алдын алды. Пойыздың кешігуі 6 минутты құрады.

## АҚТАУ ПОРТЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛОГИСТИКА ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ БУЫН



**Елдің логистикалық әлеуетін арттырып, экономикасында маңызды рөл атқаратын Ақтау халықаралық теңіз сауда портының қазіргі кездегі жұмыс барысы қалай, онда жүзеге асырылып жатқан жобалар мен назардағы нысанның жұмыс көрсеткіштерін білмек болып порт директоры міндетін атқарушы Ғалым Айтжановқа бірер сауал жолдаған едік.**



– Ғалым Әлімғалиұлы, жаңа қызметіңіз құтты болсын! Сіздің, біраз жылдық тарихы мен ел экономикасында өзіндік орны бар Ақтау портын басқарғанға дейін де көп жыл осы салада жұмыс істегеніңізді білеміз. Сұхбатымызды кәсіби жолыңыздан бастасақ...  
– Рахмет! Еңбек жолымды 1991 жылы Ақтөбе теміржолында жүк пен багажды қабылдап тапсырушы қызметінен бастағанмын. Теміржол көлігіндегі жұмыс мен үшін кәсіби қалыптасудың негізі болды және тасымалдау процесін ұйымдастырудың барлық кезеңдерін басып өтіп, терең зерттеуге, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді.

1998 жылы маған Ақтөбе жол бөлімшесінің коммерциялық ревизоры қызметін тапсырды. Бұл міндетті атқару барысында коммерциялық қызметті бақылау және жүк тасымалын ұйымдастыру мәселелерімен айналыстым. 2001-2007 жылға дейінгі кезең мен үшін станция бастығының орынбасарынан Ақтөбе жол бөлімшесінің жүк бөлімінің бастығына дейін өндірістік процестерді өтіп, ұжымды басқарудың және теміржол көлігі клиенттерімен өзара іс-қимылдың құнды тәжірибесін жинақтау кезеңі болды.

2007 жылдан бергі кәсіби қызметім Маңғыстау өңірімен байланысты. Жиырма жылға жуық уақыт бойы Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының логистика жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Бұл лауазымдағы жұмысымның негізгі бағыты темір жол және теңіз көлігінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, Ақтау халықаралық теңіз сауда порты арқылы тасымалдауды ұйымдастыру және көліктік-логистикалық маршруттарды дамыту болғандықтан ол Ақтау портымен тығыз байланысты еді. Осы жұмыста жүріп жүк ағындарын ұйымдастыруға, теміржол инфрақұрылымы мен порт арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіруге, сондай-ақ өңірдің транзиттік әлеуетін дамытуға байланысты мәселелерді шешуге қатысуға мүмкіндік алдым. Сондықтан порттың қызметі, оның өндірістік процестері, мүмкіндіктері мен міндеттері маған бұрыннан да жақсы таныс.

– Ақтау халықаралық теңіз сауда портының қазіргі мүмкіндіктері мен инфрақұрылымы қандай?

– Бүгінде Қазақстанның сыртқы сауда байланыстарын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын заманауи көліктік-логистикалық кешені – Ақтау халықаралық теңіз сауда порты Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуда. Порт Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан және бірқатар бәсекелестік артықшылықтарға ие. Мұнда навигация жыл бойы іске асады, өйткені акватория қыста қатып қалмайды, ал өндірістік қызмет 24/7 режимінде жүзеге асырылады.

Порт мұнай мен мұнай өнімдерін, астықты, металды, контейнерлерді және жалпы жүктерді қоса алғанда, жүктердің кең спектрін өңдеуге қабілетті. Инфрақұрылымға мұнай құю және құрғақ жүк айлақтары, астық терминалы және паром кешені кіреді, бұл жалпы жылдық көлемде 11,8 млн тоннаға дейін экспорттық-импорттық және транзиттік тасымалдарға тиімді қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында порттың географиялық орналасуы ерекше маңызға ие. Ақтау арқылы Әзербайжан, Грузия, Түркия, Иран, Түрікменстан және өңірдегі басқа да елдермен байланыс қамтамасыз етіледі, бұл портты Еуропа мен Азия арасындағы халықаралық логистика жүйесіндегі маңызды буынға айналдырады.

– Енді порттың жыл басынан бергі көрсеткіштеріне де тоқтала кетсек. Порт қызметінің нәтижелері қандай?

– Биылғы бес айда жүктерді ауыстырып тиеудің жалпы көлемі 2 023 мың тоннаны құрады. Оның ішінде мұнай – 1 540 мың тонна, астық 50 мың тонна және басқа да



жүктер-433 мың тонна. Контейнерлерді ауыстырып тиеу 31 058 ЖФЭ жетті немесе 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегіден асып, 115% көрсетті.

Әрине, ауыстырып тиеу көлеміне геоясаси факторларға байланысты Иран Ислам Республикасы бағытындағы жүк ағынының қысқаруы, сондай-ақ теңіз тасымалының ауа-райына тәуелділігі белгілі бір әсер етті. 2026 жылдың алғашқы бес айындағы метеорологиялық шектеулер 31 күнді құрады. Десе де, біз бұл жағдайларды жұмысты одан әрі дамытуға кедергі ретінде қарастырмаймыз. Мүмкіндіктерді барынша жандандырып, серіктестеріміз «КТЖ» ҰК» АҚ, «КТЗ Express» АҚ, ТОО «ІМТ» және көлік-логистикалық сектордың басқа да қатысушыларымен бірлесе отырып жаңа жүк ағындарын тарту, маршруттық желіні кеңейту және логистикалық процестердің тиімділігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізетін боламыз.

– Портқа қатысты жүзеге асырылып жатқан бүгінгі жобалар қандай?

– Бүгінде портта бір мезгілде оның өткізу қабілетін арттыруға, контейнерлік логистиканы дамытуға бағытталған бірқатар стратегиялық маңызды жобалар іске асырылуда. Соның бірі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын порт акваториясының түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу бойынша ауқымды жоба. Оның аяқталуы үлкен кемелердің қауіпсіз кіруін қамтамасыз етуге, жүк операцияларының тиімділігін арттыруға және тасымалдау көлемінің одан әрі өсуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асырушы мердігер мекеме гидротехникалық құрылыс саласындағы халықаралық талаптарға сәйкес келетін заманауи мамандандырылған жабдықтар мен технологияларды қолданады.

Жалпы бұл бір ғана мақсатты көздейтін емес, көп қырлы сипатқа ие жоба. Жоба аясында шамамен 1,3 миллион текше метр теңіз жынысын алу жоспарлануда. Теңіз түбінен шығарылатын топырақ порттың оңтүстік бағытта перспективалы даму аумақтарын қалыптастыру үшін пайдаланылатын болады. Бұл бүгінде порт инфрақұрылымын болашақта кеңейту, жаңа логистикалық және өндірістік объектілерді орналастыру үшін негіз құруға, сондай-ақ жүк ағындарының одан әрі өсуіне уақытты дайындауға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды жоба – Ақтау портының базасында контейнерлік хаб құру. Оның бірінші кезеңінің құрылысы осы жылдың наурыз айында аяқталды және ол жылына 140 мыңға дейін ЖФЭ контейнерлерді өңдеуге жол ашты. Аталған жобаның толық іске асыру контейнерлерді өңдеу қуатын 2028 жылға қарай жылына 240 мың ЖФЭ-ге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді және Транскаспий халықаралық көлік маршрутының негізгі буындарының бірі ретінде порттың рөлін нығайтады.

Сондай-ақ, №3 және №12 айлақтарды қайта жаңарту жобасын іске асыруды қоса алғанда, айлақ инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оларды жаңғырту порттың құрғақ жүк айлақтарының қуатын жылына 1,5 млн. тоннадан 2 млн. тоннаға дейін ұлғайтады және №12 айлақтары бас

жүктердің экспорты мен импортын қолдай отырып, контейнерлік хаб көлемін өсіп келе жатқан қажеттіліктерін жабады.

Осы жобалардың барлығы портты дамытудың кешенді бағдарламасының бір бөлігі және Ақтаудың Каспийдегі заманауи, бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие көлік-логистикалық торап болып қалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Оларды іске асыру порттың өткізу қабілетін арттырып қана қоймай, Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуға септік етеді.

– Контейнерлік транзит пен тасымалдау географиясына тоқталсаңыз...

– Контейнерлік тасымалдар Ақтау порты қызметінің қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Соңғы жылдары біз Транскаспий халықаралық көлік бағытына деген қызығушылықтың тұрақты өсуін байқап отырмыз.

Бүгінде порт Орталық Азия, Кавказ, Түркия, Қытай және Еуропа елдері арасындағы контейнерлік байланысты қамтамасыз етуге маңызды рөл атқарады. Біз тасымалдау географиясын кеңейту, жаңа сервистерді іске қосу және Қазақстан арқылы өтетін маршруттардың тартымдылығын арттыру бойынша дәйекті түрде жұмыс істейміз.

Транскаспий бағыты бойынша контейнерлік транзитті дамытуға ерекше назар аударылады. Көлік тізбегінің барлық қатысушыларының іс-әрекеттерін үйлестірудің арқасында жүктерді жеткізу мерзімі қысқарады, логистикалық процестер жетілдіріледі және жүк жөнелтушілер үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Ақтау порты тек ауыстырып тиеу пунктіне ғана емес, теңіз, теміржол және автомобиль көлігінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін маңызды мультимодальды логистикалық торапқа айналады. Бұл бізге жаңа жүк ағындарын тартуға және тасымалдатын жүктер номенклатурасын кеңейтуге жол ашады.

Контейнерлік инфрақұрылымды одан әрі дамыту, портты жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты нығайту алдағы жылдары контейнерлік транзит көлемін едәуір ұлғайтуға және Ақтау порты арқылы тасымалдау географиясын кеңейтуге мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

– Сөз соңын осынау жоспарлар мен жобалардан күтілетін өзгерістер және нәтижелермен қорытындыласақ?

– Қазір Ақтау халықаралық теңіз сауда портының алдында инфрақұрылымды одан әрі дамыту, контейнерлік қуаттарды арттыру, логистикалық процестердің тиімділігін арттыру және Қазақстанның Каспийдегі негізгі транзиттік мемлекет ретіндегі ұстанымын нығайту бойынша ауқымды міндеттер тұр. Іске асырылып жатқан кез келген жаңғырту жобалары болмасын, порттың өткізу қабілетін арттыруға және ұсынылатын қызметтер спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді. Біз осы міндеттерді орындап, елдің назарындағы нысанның жұмысын әрі қарай да жандандыру, әлеуетін арттыру жолында еңбектене береміз.

– Сұхбатыңызға рахмет!  
Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау  
Суреттерді түсірген автор

## ҚҰЖАТТАН – ҚОЗҒАЛЫСҚА ДЕЙІН...

**Қандығаш станциясы – еліміздегі ең ірі алты теміржол торабының бірі. Кластан тыс станция төрт бағытқа қызмет көрсетеді. Мұнда тәулігіне 6 мыңға жуық вагон өтіп, 4 мыңға жуық вагон сұрыптталады.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



Осындай ауқымды жұмыстың тасасында, құжаттан қозғалысқа дейін барлық жауапкершілік жүктелген станцияда еңбек ететіндердің барлығы – әйелдер. 41 нәзік жан иелері еңбек ететін техникалық бөлімнің жұмысы сырт көзге байқала бермесі анық, дегенмен ірі теміржол торабындағы пойыздардың қауіпсіз әрі уақытылы қозғалысына олардың еңбегі қаншалықты ауқымды әрі жауапты екенін бағамдауға болады.

– Станцияға келген-кеткен әр пойыздың құжаты біздің қолымыздан өтеді. Әр вагонға жеке-жеке құжат дайындалады. Бір құрамдағы 73 вагонның әрқайсысы әртүрлі бағытқа кетуі мүмкін. Қай вагонның қайда баратынын, ішінде қандай жүк барын, салмағы қанша екенін білуіміз керек, мысалы, міне мынау бір пойыздың құжаты, мұнда бір құрамдағы вагондардың бір бөлігі Арысқа, енді бірі Орскіге, Жіңішкеге, Кемпірсайға, Илецк пен Мақатқа

жөнелтілетіні көрсетілген. Әр вагонның салмақ нормасы, жүктің сипаттамасы, қозғалыс талаптары да мұқият тексеріледі, – деп бізге тәптіштей түсіндірді техникалық бөлімнің бастығы Сәндігүл Мениязова.

Сәндігүл Мениязова Қандығаш станциясында 1985 жылдан бері еңбек етеді. Теміржол саласындағы еңбек өтілі – 41 жыл. Ал техникалық бөлімді соңғы 22 жылдан бері басқарып келеді.

– Техникалық бөлім қызметкерлері пойыздардың келуі мен жөнелуін тіркейді, тасымал құжаттарын рәсімдейді, вагондардың қозғалысын бақылайды, кедендік жүктердің мерзімін қадағалайды. Құжаттар машинистерге тапсырылып, жүктің дұрыс тиеуі мен тасымалдануы бақылауда ұсталыды. Тіпті әр тегіздегі қозғалыс жылдамдығына дейін құжаттарда көрсетіледі. Бүгінде біз заманауи цифрлық жүйелермен жұмыс істейміз. Алайда технология қанша дамығанымен, адамның мұқияттылық пен жауапкершілігін ештеңе алмастыра алмайтыны сөзсіз, – дейді «әйелдер пашалығын» басқарып отырған Сәндігүл Мениязова.

*Суретті түсірген автор*

## Проект

### ЦИФРОВАЯ МАГИСТРАЛЬ БУДУЩЕГО

**АО «НК «Қазақстан темір жолы» приступает к реализации одного из крупнейших проектов цифровой трансформации отрасли. Совместно с АО «Транстелеком» национальный перевозчик создаст единую технологическую сеть LTE-R, которая станет основой для управления перевозочным процессом, железнодорожной инфраструктурой и подвижным составом на всей сети железных дорог Казахстана.**



**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

Проект предусматривает строительство современной цифровой инфраструктуры вдоль более чем 20 тысяч километров железнодорожных линий. Планируется возвести около трех тысяч объектов радиосвязи LTE-R, что позволит обеспечить устойчивое цифровое покрытие ключевых железнодорожных маршрутов страны.

Новая сеть станет технологической платформой для дальнейшего внедрения интеллектуальных решений на транспорте. Речь идет о развитии SMART-инфраструктуры, цифровых станций и вокзалов, современных локомотивов, а также автоматизированных систем мониторинга и управления перевозками.

Одним из главных преимуществ LTE-R станет возможность непрерывного обмена данными

в режиме реального времени между локомотивными бригадами, диспетчерскими центрами, системами автоматизации и объектами инфраструктуры. Это позволит сформировать единое цифровое пространство управления перевозочным процессом.

В ҚТЖ отмечают, что внедрение новой сети позволит повысить надежность технологической связи, ускорить реагирование на нештатные ситуации и существенно снизить влияние человеческого фактора при организации движения поездов. Кроме того, появятся дополнительные возможности для внедрения систем видеонаблюдения и видеоналиктики, а также перехода от планового обслуживания объектов к прогнозируемому ремонту на основе анализа данных.

Значительный эффект ожидается и в сфере пассажирских перевозок. Развитие цифровой инфраструктуры создаст условия

для внедрения новых сервисов и расширения доступа к современным телекоммуникационным услугам во время поездки.

Особое значение проект имеет для международных транспортных коридоров. Сеть LTE-R охватит основные транзитные направления, связывающие Казахстан с Китаем, государствами Центральной Азии, Кавказом, Россией и Европой. Это позволит повысить эффективность использования инфраструктуры и увеличить пропускную способность маршрутов без масштабного строительства новых железнодорожных линий.

Мировой опыт показывает, что применение современных цифровых технологий на железнодорожном транспорте способствует росту пропускной способности инфраструктуры на 15-30%, одновременно повышая уровень безопасности движения и снижая эксплуатационные расходы.

В перспективе создаваемая сеть станет базой для внедрения железнодорожных технологий нового поколения, включая международный стандарт FRMCS и решения на основе сетей 5G.

